bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***

2020

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

# Берел қорғандары

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 30.10.2020 | https://bilimger.kz/84065/ |

## Сыдыкова Алтынгул Сыражовна

«№ 60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

| | | |
|---|---|---|
| **САБАҚ**: 2-сабақ | **Мектеп: Мектеп:** «№ 60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ | |
| **Күні: 11.09.2020ж** | **Мұғалімнің есімі: Сыдыкова Алтынгул Сыражовна** | |
| **СЫНЫП:** 5 | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |

| | |
|---|---|
| **Пәні: Қазақстан тарихы** | **Сабақтың тақырыбы:** Берел қорғандары |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттай алады.<br>5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттай алады. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Берел қорғандарынан табылған олжаларды анықтайды. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** Берел қорғандарынан табылған олжалар сақтардың өнері мен дүниетанымын білдіретін бұйымдар екендігін суреттермен сипаттайды. |
| | **Кейбір оқушылар:** Берел қорғандарынан табылған бұйымдарды басқа археологиялық бұйымдардың ерекшеліктерімен салыстырып талқылайды. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану, талдау |
| **Тарихи концепт** | **Айырмашылық пен ұқсастық:** Берел қорғандарынан табылған бұйымдар мен Есік обасынан табылған бұйымдардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстырады. |
| **Бағалау критерийлері:** | 1. Берел қорғандарынан табылған олжаларды сипаттамасына қарай анықтау;<br>2. Берел қорғандарынан табылған археологиялық олжалар арқылы сақтардың қолданбалы өнері мен дүниетанымын суреттермен сипаттау;<br>3. Берел қорғандарынан табылған олжалардың ерекшеліктерін басқа археологиялық олжалармен салыстыру;<br>4. Берел қорғандарынан табылған олжалардың ерекшеліктерін талқылау. |
| **Тілдік мақсат** | **Негізгі сөздер мен тіркестер:** Грифон, «алтын қорыған грифтер», ата-бабалар аруағы, ер-тоқым аппликациясы, Геродот, самұрық, дүниетаным |
| **Құндылықтарға баулу** | — Сыни ойлау дағдысын қалыптастыру;<br>— Толеранттылық сананы қалыптастыру;<br>— «Мәңгілік ел»: Құрмет, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтарына сүйене отырып, оқушыларды мәдени мұралар мен тарихи ескерткіштерге, өнерге құрметпен қарауға баулу. |
| **Пәнаралық байланыстар** | География , дүниежүзі тарихы |
| **АКТ дағдыларын қолдану**<br>**Алдыңғы білім** | Интерактивті тақта<br><br>Берел қорғандары («Кестелі орамал») |

**Жоспар:**

| **Жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы:**<br>**Ұйымдастыру кезеңі: 2 мин**<br><br>**3 мин** | **Ұйымдастыру кезеңі:**<br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:**<br>«Сағат бойынша достар» тренингі арқылы жағымды ахуал қалыпастыру.<br>Мақсаты: бір-бірін қолдау, жақсы көңіл-күй сыйлау.<br>Оқушылар шеңберде сағат тілімен бір-біріне ым-ишара, қозғалыспен бүгінгі күнге жақсы көңіл күй сыйлайды. Күлімсіреңіз, қол бұлғаңыз, шапалақтаңыз, жылы сөз айтыңыз, сәттілік тілеңіз, қошеметтеңіз.<br>Санау арқылы оқушылар 3 топқа бөлінеді, топтарға атау беріледі.<br>I топ «Этнографтар», II топ «Археологтар», III топ: «Тарихшылар»<br>**Алдыңғы білімге шолу: «Кестелі орамал»** әдісі арқылы алдыңғы білімге қатысты сұрақтар қойылып, оқушылардан жауап алынады.<br>1.Берел қорғандары қай жерден табылды ?<br>2. Берел қорғандарынан нелер табылды?<br>3. Берелдіктер мәйітті қалай жерлеген?<br>4. Берел жерлеу орындарынан тағы қандай бұйымдар табылды?<br>5. Адаммен бірге жерленген жануар ?<br>6. Берел қорғандары қай ғасырға жатады?<br>7. Саркофаг деген не?<br>**Қалыптастырушы бағалау:** оқушылардың дұрыс жауаптарын «Үш шапалақ» әдісімен бағалау. | Топ аттары жазылған қима қағаздар,<br>интербелсенді тақта-бейне- жазба, оқулық,<br><br>https://fsd.multiurok.ru/html/2017/02/18/s_58a8a0d0800b5/img2.jpg |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы:**<br>**25 мин** | **II. Миға шабуыл әдісі арқылы жаңа тақырыпқа көшемін.**<br>Балаларға бүгінгі сабаққа қатысты суреттер интертақтадан көрсетіледі.<br><br>— Мына суреттерден ненің бейнесін көріп тұрсыздар?<br>— Археологиялық олжалар қалай аталуы мүмкін?<br>— Қай жерден табылған олжалар деп ойлайсыздар?<br>Осы сұрақтарға жауап ретінде, бүгінгі тақырыпты түсіндіру мақсатында видеролик көрсетіледі.<br>**1- тапсырма: «Сиқырлы жалаушалар» әдісі. Жеке жұмыс**<br>Тақтаға археологиялық олжалардың сипаттамасы жазылған жалаушалар ілінеді. Оқушылар жалаушадағы сөздерді оқып, қайсысы Берел қорғанынан табылған археологиялық олжалар екендігін анықтайды.<br>**1-ші жалауша:** Құс басты, жыртқыш денелі, қос мүйізді, қос қанатты мүсін (Берел қорғанынан табылған грифон мүсіні)<br>**2-ші жалауша:** Таутеке мүйізді ғажайып қырандар бейнелі маскалар (Берел қорымынан табылған жылқы әшекейі)<br>**3-ші жалауша:** Бұл жәдігер жерленген адамның билік иесі болғанын білдіреді (Алтын грифон)<br>**4-ші жалауша:** Жәдігер аң бейнесімен өрнектеліп, жұқа ақ алтынмен қапталған. (ат әбзелдері)<br>**5-ші жалауша:** Қоңыр минералды бояумен боялған (құмыралар)<br>**Бағалау критерий:** 1. Берел қорғандарынан табылған олжаларды анықтау.<br>**Дескриптор:**<br>1. Берел қорғандарынан табылған олжаларды басқа археологиялық олжалар арасынан сипатына қарай анықтайды;<br>**Қалыптастырушы бағалау: «Бағдаршам»** әдісі арқылы бағалау.<br>жасыл -түсіндім, сары-орташа түсіндім, қызыл-түсінбедім.<br><br>**2-тапсырма: «Суреттер сыры» Топтық жұмыс.**<br>**I топ тапсырмасы:** Берел қорғанында жылқылардың неліктен адамдармен бірге жерленгенін және неліктен ерекше әсемделгенін суретпен сипаттаңыз.<br><br>**Бағалау критерий:**<br>1) Жылқының ерекше әсемделуі сақтардың дүниетанымдық түсінігі екенін анықтау;<br>2) Жылқылардың адамдармен бірге жерленуі сақтардың дүниетанымдық түсінігі болғанын анықтау;<br>**Дескриптор:**<br>1. Берел қорғанынан табылған жылқының неліктен ерекше әсемделгенін анықтайды;<br>2. Жылқылардың неліктен адамдармен бірге жерленгенін анықтайды;<br>**II топ тапсырмасы:** Берел қорғанынан табылған археологиялық бұйымдарды суреттермен сипаттаңыз. (қос қанатты грифон, мысық тектес аң бейнелі маска, самұрық бейнесі, ат-әбзелдері)<br><br>**Бағалау критерий:**<br>1. Археологиялық олжалардың сақ өнері мен дүниетанымын көрсететінін суреттермен сипаттау;<br>**Дескриптор:**<br>1. Археологиялық олжаларды суреттермен сипаттайды;<br>2. Сақ өнері мен дүниетанымын суреттермен сипаттайды;<br>**III топ тапсырмасы:** 2500 жыл бұрынғы сақ өнерінің ерекшеліктерін анықтап, сипаттаңыз.<br><br>**Бағалау критерий:**<br>1. Сақ өнерінің 2 ерекшелігін мәтіннен анықтау;<br>2. 2500 жыл бұрынғы сақ өнері туралы сипаттау;<br>**Дескриптор:**<br>1. Осыдан 2500 жыл бұрынғы сақ өнерінің ерекшеліктерін мәтіннен анықтайды;<br>2. 2500 жыл бұрынғы сақ өнерінің ерекшеліктерін сипаттайды.<br>**Қалыптастырушы бағалау.** «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісімен оқушылар бір-бірін бағалайды.<br><br>**3 тапсырма: Венн диаграммасымен жұмыс**<br>Берел қорғандарынан табылған археологиялық олжалар мен Есік обасынан табылған олжалардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын салыстырыңыз.<br><br>Есік обасынан табылған олжалар<br><br>Берел қорғанынан табылған олжалар<br><br>**Дескриптор:**<br>1. . Есік обасынан табылған олжалардың ерекшеліктерін анықтайды**.**<br>2. Берел қорғанынан абылған олжалардың ерекшеліктерін анықтайды.<br>3. Берел қорғаны олжаларының Есік обасынан табылған олжалармен айырмашылығын салыстырады.<br>4.Есік обасынан табылған олажалар мен Берел қорғанынан табылған олжалардың ұқсастығын анықтайды.<br>5. Табылған олжалардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын жұпта талқылайды.<br>**Бағалау критерий:**<br>1. Берел қорғандарынан табылған бұйымдардың ерекшеліктерін анықтау;<br>2. Есік обасынан табылған олжалардың ерекшеліктерін анықтау;<br>3. Берел мен Есік қорғандарынан табылған олжалардың айырмашылықтарын салыстыру;<br>4. Екі қорғаннан табылған олжалардың ұқсастықтарын анықтау;<br>5. Айырмашылықтары мен ұқсастықтарын жұппен талқылау;<br>**Қалыптастырушы бағалау: «Бас бармақ»** әдісі арқылы бағалау. Оқушылар бір-бірін | Қазақстан тарихы 5-сыныбына арналған оқулық.<br>Авторлары:<br>С.Р.АхметоваА.М.Ибраева, А.А. ҚұлымбетоваА.С.Мағзұмова, А.М.Марқабаева<br>Астана, НЗМ, 2017ж. https://youtu.be/Ovd6VUdmRhY<br>Видеоролик<br><br>https://fsd.multiurok.ru/html/2017/02/18/s_58a8a0d0800b5/img2.jpg<br>Нұсқаулық https://youtu.be/x1v4aY-gyTk<br><br>https://fsd.multiurok.ru/html/2017/12/05/s_5a26c62e32106/img4.jpg<br><br>Венн диаграмма сы сызбасы<br>https://youtu.be/Fgz1tUKf4ss<br><br>Ғаламтор желісі<br>https://ds04.infourok.ru/uploads/ex/0f29/0004ca18-79381acb/img15.jpg |
| **Сабақтың соңы.**<br>**10 мин** | **Кері байланыс: «Аралдар»**<br>Оқушылардан бүгінгі сабақ туралы кері байланыс алынады. Стикерді аралдарға апарып жапсыру ұсынылады.<br>Мен бүгін жақсы түсіндім …... **«Түсіну» аралы**<br>Мен бүгінгі сабақта білдім…... **«Білу» аралы**<br>Менің сұрағым бар……. **«Түсінбеу» аралы**<br>Мен досыма көмектестім……. **«Достық» аралы**<br><br>**Рефлекция. «Бес саусақ» әдісі.**<br>— Балалар, алдымыздағы қағазға саусақтарыңыздың суретін салып, бүгінгі сабақ туралы ойыңызды жазып көріңіз.<br>Бас бармақ (басты мәселе) — **Бүгінгі сабақта не қиын болды?**<br>Балалы үйрек (бірлесу) – **Топпен қалай жұмыс жасадым, кімге көмектесе алдым, мен кімге көмектестестім?**<br>Ортан терек (ойлау) —**Мен бүгін қандай білім алдым, нені түсіндім?**<br>Шылдыр шүмек (шындық) —**Сабақ маған ұнады. Неліктен?**<br>Кішкентай бөбек (көңіл-күй) — **Мен сабақта өзімді…. сезіндім** | https://youtu.be/OaPg2FeXqQA<br><br>https://youtu.be/OaPg2FeXqQA |

**Қосымша ақпарат**

| **Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?** | **Бағалау — Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс**<br>**Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері**<br>**АКТ-мен байланыс**<br>**Құндылықтардағы байланыс** |
|---|---|---|
| **1.Барынша қолдау көрсету**<br>Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай алға ілгерілетіп отыратын, бағыттайтын сұрақтар бердім. Оқушыларға деректер, мәтін беру, суреттер беру, тапсырмалар беру арқылы диалог және қолдау көрсету мақсатында ауызша сұрақтар қойдым.<br>**Саралау** бойынша қолдауды көп қажет еткен оқушыларға мәтіннің үлгісін, тірек сөз тіркестерін бердім, оқушылар үлгіні басшылыққа алып тапсырманы орындайды.<br>**Тапсырмалар:** «Кестелі орамал» әдісі,<br>«Сиқырлы жалаушалар» әдісі<br>**2.Орташа қолдау.**<br>Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай күрделіге қарай алға ілгерілетіп отыратын тапсырмалар бердім.<br>**Тапсырмалар:** «Ауызша микрофон» әдісі.<br>**Қолдау көрсету аз.** Күрделі сұрақтар, күрделі тапсырмалар беру арқылы оқушыларды Берел қорғандарынан табылған археологиялық олжалардың ерекшеліктерін салыстыруға, талқылауға, сипаттауға жетелеп, сақтардың өнері мен дүниетанымының ерекшелігін тануға бағыттадым.<br>**Тапсырмалар:** «Венн диаграммасы»,<br>**Қарқын бойынша сараладым.** Кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді.<br>Қарқыны жай жұптарға сұрақтармен жетелеймін. | Берел қорғаныңдарынан табылған археологиялық олжаларды анықтау, суреттермен сипаттау, негізгі ерекшеліктерін анықтау және талқылау, салыстыра білу. Ұқсастықтары мен айырмашылық- тарына сипаттама беру.<br>«Үш шапалақ» арқылы бағалау.<br>«Бағдаршам » арқылы бағалау.<br><br>«Екі жұлдыз бір ұсыныс» арқылы оқушылардың бір-бірін бағалауы.<br>«Отшашу» арқылы бағалау түрі бойынша бір-біріне қолдау көрсетеді, мадақтайды. | Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәті орындалғанда психологиялық тұрғыдан жағымды ахуал қалыптастырылады.<br><br>Құндылықтармен байланыс қалыптастырушы бағалауда, белсенді әдістерде көрініс табады.<br><br>Дәптермен жұмыс кезінде партаға дұрыс отырмау омыртқа жотасының қисаюына әкеліп соғатынын ескерту. |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ / оқу мақсаттары<br>шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған<br>саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген<br>уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және<br>неліктен? | **Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз.<br>Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес<br>келетін сұрақтарға жауап беріңіз.** |
| **Қорытынды бағамдау**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды<br>жетілдіруге көмектесетін не білдім? | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.